

**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 6)**


№	Атауы	Сипаттамасы	саны
1	Автокөлікті жалға алу (жанар майымен бірге)	Қызылорда облысында орналасқан Ортағасырлы Сығанақ қаласында жүргізілетін далалық экспедицияны жүргізу үшін жоба орындаушылары мен уақытша жалданған жұмысшыларды тасымалдау. - Қызмет атауы: Автокөлікті жалға алу - Автокөлік түрі: Жол талғамайтын автокөлік - Жалға алу мерзімі: 30 күн. - Жол бағыты: Жүргізуші Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы аумағында орналасқан Ортағасырлы Сығанақ қаласында жүргізілетін далалық зерттеулерге 30 күн бойы жоба орындаушылары мен уақытша жалданған жұмысшыларды тасымалдайды. - Тасымалдау мақсаты: Ғылыми қызметкерлер мен жұмысшыларды тасымалдау. - Автокөлік түрі: Жол талғамайтын. - Техникалық жағдайы: Автокөлік техникалық тұрғыдан жарамды, қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы тиіс. - Жүргізушінің міндеті: Күн сайын демалыссыз ғылыми қызметкерлермен бірге жүру. Жүргізуші далалық экспедицияның ерекшеліктеріне сай, техникалық тұрғыдан жарамды және жолсыз жерлермен қозғалу мүмкіндігі бар автокөлікпен қамтамасыз етуі тиіс. Автокөлік қажетті техникалық құралдармен (қосалқы дөңгелек, домкрат, алғашқы көмек қобдишасы және т.б.) жабдықталған болуы шарт. Жүргізушіде далалық жерлерде қауіпсіз қозғалу тәжірибесі болуы тиіс және ол бағыт бойынша қозғалысты үйлестіре алуы қажет. Орындаушы қызмет барысында автокөліктің сақталуын және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибасева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және қызмет көрсету шарттары

Қызмет көрсету құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызмет көрсетуге байланысты барлық ықтимал шығындарды, соның ішінде іссапарлық, көлік, логистикалық және өзге де шығыстарды қамти отырып көрсетіледі.

Егер көрсетілетін қызметтің ерекшелігі қосымша жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуді талап етсе, қызмет көрсету құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер** енгізілуі тиіс. Оларға, соның ішінде, орнату, баптау, тапсырыс берушінің персоналын оқыту, әдістемелік материалдар ұсыну және нәтижені тиімді пайдалану үшін қажет болған жағдайда кейінгі консультациялық қолдау кіреді.

Қызмет сапасына және сәйкестігіне қойылатын талаптар

Орындаушы қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкестікте, сондай-ақ санитариялық, экологиялық, техникалық және өзге де міндетті нормативтік талаптарды сақтай отырып көрсетуге міндетті.

Қызметтер техникалық тапсырмада белгіленген талаптарға, көлемге, мерзімдерге және сапа көрсеткіштеріне сәйкес көрсетілуі тиіс. Қызмет көрсету нәтижелері белгіленген талаптарға сәйкес келіп, тапсырыс беруші тарапынан практикалық тұрғыда пайдалануға дайын болуы қажет.

Кепілдік міндеттемелері және сүйемелдеу

Орындаушы қызмет көрсету барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді кепілдік кезеңі ішінде өз есебінен жоюға міндетті. Қажет болған жағдайда орындаушы қызмет көрсету нәтижелерін тапсырыс беруші қабылдаған сәттен бастап кемінде 12 (он екі) ай ішінде консультациялық қолдау мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлем мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100%-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Тапсырыс беруші орындаушыдан аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған орындаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Қызмет көрсету мерзімі

Қызметтер келісімшартта белгіленген мерзімде, бірақ келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей көрсетілуі тиіс.